

Жарғының жаңа редакциясы «Бурабай»  
колледж мекемесі жалғыз  
құрылтайшының шешімімен бекітілді  
«25» наурыз 2022 ж.



# «Бурабай» колледж мекемесі ЖАРҒЫ

**Заңды тұлғаның заңды мекен-жайы:**  
«Бурабай» колледж мекемесі, 020000,  
Қазақстан Республикасы, Ақмола  
облысы, Көкшетау қаласы,  
Шалқар көшесі, 9Б үй

Көкшетау қ.

## 1. Жалпы ережелері

1.1. Оқу орнының толық атауы:

1.1.1. мемлекеттік тілде - «Бурабай» колледж мекемесі;

1.1.2. орыс тілінде - Учреждение колледж «Бурабай»;

1.2. «Бурабай» колледж мекемесі (бұдан былай - Колледж) құрылтайшыларының шешімімен құрылған, жалпы орта білімінің және техникалық пен кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білімнің оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын, жеке-меншік оқу орны болып есептеледі, және өзінің негізгі іс-әрекеттерінің мақсаттары ретінде кәсіпкерлік пайда алуды көздемейді.

1.3. Колледж өзінің іс-қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Конституциясымен, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексімен, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңмен, басқа да білім саласындағы нормативтік актілерімен және осы Жарғымен басшылық етеді.

1.4. Колледж шектелмеген мерзімге құрылады.

1.5. Колледждің жалғыз құрылтайшысы болып есептеледі:

Бауыржан Кадыржанұлы Бижанов, Қазақстан Республикасының Азаматы, Көкшетау қаласы, Ақан-Сері көшесі, 140\3 тұратын ҚР ІІМ 04.01.2018 жылы берілген жеке куәлігінің № 043805418, ЖСН 5202023013117.

1.6. Колледждің заңды мекен-жайы: 02000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шалқар көшесі, 9Б үй.

## 2. Ұйымдастыру-құқықтық нысаны, іс-қызметінің пәні және мақсаттары

2.1. Колледждің ұйымдастыру-құқықтық нысаны Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы № 142-ІІ «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» (өзгерістері және қосымшаларымен) Заңына сәйкес жеке-меншік мекемесі ретінде белгіленеді.

2.2. Колледж, ҚР банк мекемелерінде дербес балансы, есептілік және басқа да шоттары, өзінің атауымен мөрі, бұрыштамасы және басқа керекті атрибуттері бар заңды тұлға болып келеді.

2.3. Колледждің негізгі мақсаттары болып тұлғаның жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша кәсіптік, біліктілігі тиісті дәрежедегі нақты кәсіптің (маманның) білімін алғанда, қойылған талаптарын қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлар жасау.

Негізгі мақсаттарын жүзеге асыру үшін Колледж:



- мерзімі, деңгейі және бағыттары әр- түрлі жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша кәсіптік білімдер бойынша оқу бағдарламаларын жүзеге асыруға;
- оқу жоспарын, оның ішінде оқитындары жеке оқыту үшін жылдық күнтізбелік оқу графигі мен сабақ кестесін жасау және бекіту;
- оқитындарды оқыту үшін түрін, құралдары мен әдістерін таңдауға;
- оқу- әдістемелік әдебиеттерді және оқу құралдарын шығаруға;
- оқушыларға бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету үшін жағдайлармен қамтамасыз ету;
- заңды және жай тұлғаларға келісім- шарт негізінде қосымша ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге;
- Колледж жарғылық қызметтеріне сәйкес тұрған кәсіпкерлік айналысуға құқылы;
- Жарғылық қызметтерді жүзеге асыру үшін, банктік несиелерді қоса, қаржылық және материалдық құралдарды қосымша қатыстыруға;
- құралдарды, көліктік құралдарды және Колледждің ғимараттары мен басқа мүлігін қалыптасқан түрде жалға алу және жалға беруге;
- оқу процессінің демократизациясын қамтамасыз ететін, оқытудың белсенді түрлерін еңгізу;
- сайыс, көрме, конференция, семинар, жиналыстарды өткізуге;
- қоғамдастық пен одақтар түріндегі, оның ішінде кәсіпорындардың, қоғамдық мекемелер мен ұйымдардың (бірлестіктердің) қатысуымен бірлестіктерді құруға;
- шетелдік кәсіпорын, мекемелер және ұйымдармен тікелей байланыстар құруға;
- кеңес беру, маркетингтік, жарнамалық және ақпараттық қызметтерді, оның ішінде кәсіптік сипаттағы арнайы қызметтерді жүзеге асыруға.

2.4. Жалпыорта, техникалық және кәсіптік, қосымша және орта білімнен кейінгі білім алу оқу бағдарламаларын жүзеге асыру тақырыбы болып табылады..

### **3. Оқу процессінің мақсаттары.**

#### **Жүзеге асыратын бағдарламалар мен мамандардың тізімі.**

3.1. Колледждің білім беру процессінің негізгі мақсаттары болып есептеледі:

- тұлғаның жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша кәсіптік, біліктілігі тиісті дәрежедегі нақты кәсіптің (маманның) білімін алуында және кәсіпкерлік саласындағы таңдаған қызметінің, зиялылы, дене дамуы, өнегелік дамуында қойылған талаптарын қанағаттандыру үшін қажетті жағдайлар жасау;



- қоғамның тиісті деңгейдегі кәсіби білімі бар біліктілік мамандарында сұраныстарды қанағаттандыру.

3.2 Жалпыға міндетті мемлекеттік тиісті деңгейді Колледждің білім беру стандарттары реттейді.

3.3 Колледж өзінің қызметінде білім беру оқу бағдарламаларының келесі тізімін жүзеге асырады:

- орта жалпы білімнің жалпыға білім беру бағдарламаларын;
- техникалық және кәсіптік білімнің оқу бағдарламалары;
- орта білімнен кейінгі оқу бағдарламалары;
- қосымша білімнің оқу бағдарламалары.

3.4. Орта жалпы білімінің жалпыбілімдік оқу бағдарламалары білім берудің саралап жіктеу, ықпалдастық пен кәсіптік бағдарлану негізінде әлеуметтік-гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, табиғи-ғылымдық, технологиялық және басқа да бағыттары бойынша оқитындардың бағдарланған кәсіптік дайындығына дейін әзірленеді.

3.5. Техникалық және кәсіптік білімінің оқу бағдарламалары орта білім деңгейінің құрылымдық бөлігі болып, қоғамдық-пайдалы кәсіби қызметінің негізгі салалары бойынша техникалық және қызмет көрсететін еңбектің жоғары біліктілі мамандарын дайындауға бағытталған.

Осы деңгейдегі білім беретін оқу бағдарламаның мазмұны көздейді: жалпы гуманитарлық, экономикалық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді оқу, кәсіби тәжірибе алу және дағдылану үшін, өндірістік оқу және кәсіптік тәжірибені өту.

3.6. Техникалық және кәсіптік білімнің оқу бағдарламалары кәсіптік және жалпыбілімдік деңгейлерін ізбе-ізді көтеру мақсаттарын шешуге бағытталған, тиісті біліктілігі бар мамандарды дайындауға. Оларды аяқтаған соң және қорытынды аттестациядан өткеннен кейін ортаңғы деңгейдегі маман біліктілігі беріледі.

3.7. Ортаңғы білімнен кейінгі бағдарламалар орта білімі бар азаматтардың ішінен (жалпы орта немесе техникалық пен кәсіптік) гуманитарлық мамандар бойынша қызмет көрсететін және басқарушылық еңбектің кіші мамандарын дайындауға бағытталған.

Осы деңгейдегі кәсіби оқу бағдарламалардың мазмұны келесіні көздейді:

-кәсіби пәндермен қатар әлеуметтік-гуманитарлық және табиғи-ғылыми пәндерді оқу, жоғары білімнің 1-2 курстарының оқу бағдарламаларымен қиылысуы;

- оқу аяқталғаннан кейін қызмет көрсететін және басқару еңбегінің кіші маманы деген біліктілік беріледі.

3.8. Қосымша білімнің оқу бағдарламалары студенттің жан-жақты білім алу және мәдени сұраныстарын қамтуға бағытталған.

3.9. Кәсіптік негізгі білім алу бағдарлама мазмұнының міндетті минимумы және оның жүзеге асыру нормативті мерзімі тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білімнің стандартымен белгіленеді.

3.10. Білім беру бағдарламалар тұлғаның тұтынуы мен мүмкіндігіне байланысты, студенттермен міндетті түрде сабақ өткізуінің көлемінен әр-



түрлі нысандарда болады: күндізгі, сыртқы, дистанциондық пен экстернат, олардың қиысуы мүмкін.

3.11. Колледжде негізгі білімі орта немесе жалпы орта білімі бар тұлғалардың арасынан мамандарды дайындау күндізгі, сырттай және дистанциондық оқыту нысаны бойынша төлемді (келісім-шарттық) жүргізіледі.

3.12. Колледж жалпылықорта, техникалық және кәсіптік, қосымша және орта білімнен кейінгі білім алу оқу бағдарламаларын рұқсатнамамен анықталған кәсіптер бойынша мамандарды дайындау, және білімнің тиісті деңгейінің кәсіптер классификаторы және оқу бағдарламаларына сәйкес бекітілген мерзімде жүзеге асырылады.

3.13. Дайындайтын мамандар тізімі:

- 07140700 «Автоматика, телемеханика және темір жол көлігіндегі қозғалысты басқару» ;

4S07140703 Техник-электромеханик

-10410200 «Темір жолыкөлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару»;

4S10410205 Тасымалдауды ұйымдастырушы технигі

-10320200 «Төтенше жағдайда қорғау (салалар бойынша)»;

4S10320205 техник

-07320800 «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы»;

4S07320803 Техник-жолшы, құрылысшы

-07140900 «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»;

4S07140902 Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі

-07130700 «Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалры бойынша)»

4S07130704 Техник-электромеханик

#### **4. Колледжде білім алу процессін ұйымдастырудың негізгі сипаттары.**

4.1. Колледжде оқу мемлекеттік (қазақ), орыс және шетел тілдерінде жүргізіледі.

##### **4.2. Колледжге қабылдау.**

4.2.1. Колледжге қабылдау Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген нысаны мен түрінің тиісті оқу орындарына оқытуға қабылдаудың типтік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының заңдарының бөліктерінде және қабылдау тәртібіне қарсы келмейтін, Колледж студентер қабылдау ережелерін дербес жасайды және бекітеді.

4.2.2. Колледж заңды және жай тұлғалармен келісім-шарт бойынша студенттерді оқытуға, олардың оқу үшін толық төлеуімен, кәсіптік білім алуға, рұқсатнамамен белгіленген студенттер контингентін шектеулі қабылдайды.

4.2.3. Колледжге қабылдау директор атына негізгі орта немесе жалпы орта білімі бар азаматтардың жеке өтініші бойынша жүзеге асырылады.



4.2.4. Шетел азаматтары мен азаматтықсыз тұлғалар ҚР заңдарымен қалыптастырылған тәртіпте, сондай-ақ Қазақстан Республикасымен бекітілген, халықаралық келісім-шарттармен Колледжге қабылданады.

4.2.5. Колледжге түсетін негізгі орта білімі бар азаматтар тестлеу түрінде түсу емтихандарын тапсырады, және бірінғай ұлттық тестлеу нәтижелері бойынша (ағымдағы жылдың жалпыбілім беру мектептерінің түлектері үшін) немесе негізгі жалпы орта білімі барларға кешендік тестлеу негізінде қабылданады.

4.2.6. Негізгі орта білімі негізінде тестлеу Колледждің қабылдау комиссиясымен өткізіледі.

4.2.7. Тестлеу талапкердің талабына сай негізгі орта білімінің оқу бағдарламалары көлемінде екі пән бойынша жүргізіледі: қазақ немесе орыс тілдері, математика.

4.2.8. Колледж оқуға түсушіні және оның әке-шешесін (немесе оның заңды өкілдерін) Жарғысымен және оқу процессін ұйымдастыруын реттейтін, тандап алған кәсібі бойынша айналысу саласындағы қалпымен, басқа құжаттармен міндетті түрде таныстыруға тиіс.

4.2.9. Өтініштерді қабылдау мерзімі, қабылдау (түсу) емтихандарын өткізу тәртібі, қолданылатын бағалар жүйесі, апелляциялар беру мен қарастыру және оқуға қабылдау сайыстық тәртібі, Колледж директорымен бекітілген қабылдау Ережелерімен анықталады.

4.2.10. Колледжге түсушілер жеке өтінішімен қатар, жеке куәлігін, негізгі орта немесе орта жалпы білімі туралы мемлекеттік түрдегі құжатты, 3\*4 мөлшердегі 6 фотосуретін, 086-У түрді медициналық анықтама, сондай-ақ бірінғай ұлттық тестлеу немесе кешендік тестлеу жөнінде мемлекеттік сертификат тапсырады.

4.2.11. Колледжге қабылдау директор бұйырығы мен қабылдау емтихандар нәтижелері негізінде өткізіледі және «Білім туралы» Заңы мен осы Жарғының ережелері бар, білім беру қызметтерін көрсету жөнінде құрылған келісім-шарт жасау жүзінде асырылады.

4.2.12. Негізгі орта білімі негізінде тестлеуде және жалпы орта білімі негізінде бірінғай ұлттық тестлеу нәтижесінде 23 балдан кем алмаған талапкерлер қабылданады.

Негізгі орта білімі туралы құжатында барлық пәндер бойынша тек «бес» алған талапкерлердің Колледжге түсуі тестлеусіз өтеді.

#### 4.3. Оқу қызметі

4.3.1. Кәсіптер бойынша, оның ішінде жеке жоспарлар бойынша оқу процесстерінің мазмұны, мазмұнының минимумына және дайындау деңгейіне, үлгілі оқу жоспарлары мен бағдарламаларына қойылатын мемлекеттік талаптарды орындауын қамтамасыз ету.

4.3.2. Пәндерді оқу мерзімі мен кезектігі, өндірістік (кәсіптік) мемлекеттік тәжірибені өткізу, аралық аттестация мен оқу үлгерімінің ағымды тексеруінің түрі, тәртібі және мерзімдігі жұмыстық оқу бағдарламаларымен реттеледі (оқу курстары, пәндер және оқыту жылдары бойынша білім беру



бағдарламаның бөлінуімен), Колледж дербес жасайтын және бекітетін, жылдық күнтізбелік оқу графигімен және сабақ кестесімен.

4.3.3. Күндізгі оқу формасының оқу жылының басы, тәртіптегідей 1-і қыркүйек күні басталып, нақты кәсіптер бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы мен оқу түріне сәйкес аяқталады. Сырттай оқу формасының оқу жылының басы 3 айдан артық емес мерзімге ауыстырылуға мүмкін.

4.3.4. Аудиторлық сабақтардың барлық түрлерінің ұзақтығы 45 минут, кейде арасында 5-10 минут үзілісі бар жұптастырылған (2-сабақтан қосылған) сабақтар бола алады.

4.3.5. Студенттердің бір апта ішіндегі оқу жүгінің максималды көлемі 54 сағаттан аспау керек, теоретикалық оқыту мерзімінде аудиторлық сабақтардың көлемі аптасында – 36 сағат.

4.3.6. Күндізгі және сыртқы оқу бөлімінің студенттеріне оқу жылына 2 реттен кем емес ұзақтығы 8-11 апта арасында, оның ішінде жазғы уақытта 6 аптадан 9 аптаға дейін, қысқы мерзімде 2 аптадан кем емес демалыстар беріледі.

4.3.7. Колледжде оқу сабақтарының келесі негізгі түрлері қалыптасқан: сабақ, лекция, семинар, практикалық сабақ, лабораторлық жұмыс, тексеру жұмысы, кеңес беру тәжірибе, курстық және дипломдық жобалау (курстық немесе шығару жұмысы). Күнсайынғы сабақ саны мен кестесі, өтетін орны, Колледж директоры бекіткен кестемен өтеді. Кеңес беру сабақтары бөлек кесте бойынша өткізіледі.

4.3.8. Бір маман және бір курс бойынша студенттер оқу тобына жинақталады. Күндізгі оқу бөліміндегі топтың саны 25-30 адам болады, сырттай оқу формасында 15-20 адам болады.

4.3.9. Лабораторлық жұмыстарды, практикалық, семинар, дене шынықтыру және Колледж өзі дербес анықтайтын тізімі бойынша басқа пәндер сабақтары мен сондай-ақ курстық жобалау мен шеберханалардағы (полигондардағы) өндірістік оқытулар бойынша оқу тобының адам саны 8 кісіден аз емес топтарға бөлінеді.

4.3.10. Студенттермен ерекше келісім-шарт құрған сәтте оқу сабақтары жекешеленіп өткізіледі.

4.3.11. Күнделікті оқу топтарындағы оқу және тәрбие жұмысымен басшылықты куратор (класс жетекшісі) атқарады.

4.3.12. Колледж рұқсатнамасына сәйкес келісім-шарт негізінде мекемелермен, ұйымдармен және меншіктігі түрлі кәсіпорындармен және жай тұлғалармен қосымша кәсіптік білімнің оқу бағдарламаларын, Колледжге түсуді даярлауы мен орта буындағы мамандардың біліктілік деңгейін көтеруді өткізеді.

4.3.13. Мамандықтық кәсібі бойынша өндірістік (кәсіптік) тәжірибе және диплом алдындағы студенттердің өндірістік тәжірибесі, әдеттегідей, кәсіпорындарда, ұйымдарда және Колледжбен сол мекемелер арасында құрылған келісім-шарт негізінде басқа да ұйымдарда өткізіледі.

4.3.14. Ағымды тексерудің барлық түрлері, аралық пен қорытынды аттестациялау, оқу және технологиялық тәжірибе бойынша студенттердің



білімдері, біліктігі мен дағдылары «5» (үздік), «4» (жақсы), «3» (қанағаттанарлық) деп балдармен, немесе тиісті рейтингтік балмен бағаланады. Лабораторлық жұмыстар, практикалық сабақтар мен диплом алдындағы тәжірибе «сыналды» немесе «сыналған жоқ» деп бағаланады. «2» («қанағатсыз») және «сыналған жоқ» деген бағалар, сынақ кітапшасына қойылмайды.

4.3.15. Ағымды бақылау ауызша және жазбаша түріндегі сұрау, семинарлар формасында өткізіледі, лабораторлық жұмыстар мен практикалық сабақтар бойынша сынақтар, курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау.

4.3.16. Күндізгі бөлімі студенттердің білімін қадағалау үшін (ауызша сұрау, ауызша немесе жазбаша өткізілетін бақылау мен тексеру жұмыстары, семинар, лабораторлық жұмыстары мен практикалық сабақтар бойынша сынақтар, курстық жобаларды немесе жұмыстарды және т.б. қорғау түрінде) барлық пәндер бойынша қорытынды бағалары журналға қойылып, семестрдің жартысында аттестация өткізіледі.

4.3.17. Егер студент екі ай қатар аттестация қорытындысы нәтижесінде үш не одан да артық пән бойынша қанағатсыз бағалары болса, семестр аяғын және емтихан сессиясының нәтижелерін күтпей, педагогикалық кеңесте оның бұдан былай оқуы туралы сұрақ шешіледі.

4.3.18. Ағымдағы семестрдың оқу жоспары талаптарын түгел орындаған студенттер, емтихан сессиясына жіберіледі. Пән бойынша оқу жоспарының барлық талаптарын орындаған студентке, ерекшелік ретінде, студентке емтиханын алдынан ала тапсыруға құқық беріледі.

4.3.19. Пән бойынша ағымдағы бағалары көбінесе тек «үздік» болған студенттерге, оқытушы емтихан (сынақ) қабылдамай қорытынды бағаны қоюға құқылы.

4.3.20. Сессия нәтижесі бойынша үш немесе одан да астам академиялық қарыздары (емтихан сессиясына шығарылмайтын пәндер бойынша қанағатсыз қорытынды бағалар, лабораторлық тәжірибе, курстық жоба бойынша сынақ қорытындысы болмаса) бар студенттер оқудан шығарылады.

4.3.21. Семестр нәтижесі бойынша академиялық қарыздарды жоюға, семестрлік емтихандарда алған қанағатсыз бағаларды түзетуге, емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін студенттерге колледж бойынша бұйрықпен он күн беріледі немесе қарыздарды өтеу мерзімі белгіленеді.

4.3.22. Ағымды оқу үлгерімі бойынша қойылған бағамен келіспесе студенттерге осы пән бойынша оқыған материалдары көлемінде комиссияға емтихан (сынақ) тапсыру құқық беріледі.

4.3.23. Семестр қорытындысы бойынша, емтихан сессиясына шығарылмайтын пәндерден екі академиялық қарызы болған студент, Колледж директорының бұйрығымен, қарыздарын жою мерзімі анықталып, сессияға жіберіледі.

4.3.24. Оқу жоспарының барлық талаптарын орындаған студент, мемлекеттік қорытынды аттестацияға жіберіледі, нәтижелері бойынша оған тиісті деңгейдегі кәсіптік білімі туралы құжат беру жөнінде сұрақ шешіледі.



Қорытынды мемлекеттік аттестациялау білім басқармасының өкілетті мемлекеттік органымен бекітілетін тиісті деңгейдегі кәсіптік біліміне оқыту мекемелері түлектерінің қорытынды мемлекеттік аттестация туралы ережесіне сәйкес өткізіледі.

Түлектердің қорытынды мемлекеттік аттестациясы келесі түрдегі бір немесе бірнеше аттестациялық емтихандардан тұрады:

Бөлек пән бойынша қорытынды емтихан;

Қорытынды кәсіп бойынша пән аралық емтихан;

Бітірушілік біліктілік жұмысын қорғау.

4.3.25. Қазақстан Республикасының Заңдарымен бекітілген тәртіпте түлектерге тиісті деңгейдегі кәсіптік білімі жөнінде Колледж атын, білім деңгейі мен (немесе) біліктілігі аталуымен, мемлекеттік диплом, сондай-ақ, оқыған пәндерінің тізімі, сағат саны мен қорытынды бағалары бар қосымша беріледі.

4.3.26. Білім туралы құжатта студенттің білімі, дағдысы келесі бағалармен анықталады: «5» (үздік), «4» (жақсы), «3»(қанағаттанарлық), «сыналды» (сынақ). Барлық мемлекеттік емтихандардың 75% «5» (үздік) бағаға тапсырған және дипломдық жобасын «5» (үздік) бағаға тапсырған және дипломдық жобасын «5» (үздік) бағаға қорғаған студенттерге үздік диплом беріледі.

4.4. Колледжден шығару және ауыстыру.

4.4.1. Пән бойынша оқу бағдарламасын бекітілген мерзім ішінде себепсіз орындамағаны, осы жарғымен көзделген міндеттерін орындамағаны (бұзуы), ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін оқушыларға тәртіптік шаралар қолданылады.

4.4.2. Оқушы Колледжден шығарылуға мүмкін:

- өзінің бастамашылығымен;
- басқа оқу орнына ауысуға байланысты;
- дәрігерлік-кеңестік комиссияның анықтамасы негізінде денінің саулығына байланысты;
- емтихан сессиясының нәтижесі, білімінің ағымдағы бақылау бойынша академиялық үлгермеуі мен семестр ішінде сабақтардың 36 сағатын себепсіз бос өткізгені үшін;
- осы Жарғының ережелерін, оқу тәртібін және Колледждің ішкі тәртібі туралы ережелерін бірнеше рет бұзғаны үшін;
- осы Жарғыны бірнеше рет өрескел бұзғаны (маскүнемдік түрінде, нашакорлық немесе улы мас қалпында болуы, жарғы ережелеріне жатпайтын қарым-қатынастар жасағаны мен басқа да жағдайлар) үшін;
- оқу орнымен байланыс жоғалтқаны үшін. 30 күнтізбелік күн сабақтарына қатынаспаған студенттер және бұл сәтте оның себебін растайтын құжаттар тапсырмағанына, оқу орнымен байланысты жоғалтты деп саналады;
- оқу үшін төлем төлемеген үшін.

Оқудан шығарған сәтте студентке оқу мерзімі үшін шығындары қайтарылмайды.



4.4.3. Әкімшіліктің бастамашылығымен студенттердің сырқаттануына, демалыста, жүкті болу академиялық демалысы мен босануына байланысты Колледжден шығаруға рұқсат берілмейді.

4.4.4. Осы жарғының 4.4.2. тармағымен бекітілген сәтте Колледжден шығару сұрағының шешімі педагогикалық кеңестің қолдаухаты бойынша қабылданады. Ақырғы шешім Колледж директорының бұйрығымен рәсімделеді.

4.4.5. Бір оқу орнынан басқа оқу орнына ауыстыру, ережедегідей, жазғы және қысқы демалыс кездерінде жүзеге асырылады.

Студенттердің ауыстырылуы екі жақты оқу орындарының келісімімен атқарылады.

Колледжде бір маманнан басқа маманға ауысуы, бір оқу түрінен басқа оқу түріне ауысуы Колледж директорының шешімімен жүзеге асырылады.

4.4.6. Академиялық үлгеріміне байланысты немесе өз бастамашылығымен Колледжден шығарылған студенттерді қайта оқуға алу, Колледж директорымен бір жыл өткеннен кейін және 5 жылдан аспаған мерзімде ғана алынады. Қайта оқуға алуы семестрдің басынан екінші немесе қай курстан шығарылса, сол келесі жылдарға алынуға мүмкін. Күндізгі бөлімнен сыртқы бөлімге, дистанциондық бөлімге ауыстыру оқу жылы аяқталғаннан кейін, директордың шешімімен, академиялық қарыздары болмаған сәтте рұқсат етіледі.

4.4.7. Ауыстыру мен қайта оқуға алу кезінде, Колледж директорының бұйрығымен академиялық қарыздары мен оқу жоспарларындағы айырмашылықты тапсыру мерзімі бекітіледі.

4.4.8. Студентті оқудан шығарған жағдайда, қалыптасқан форма бойынша академиялық анықтама мен Колледжбен куәландірілген көшірмесі оқушының жеке ісінде қалып, білімі жөнінде құжатының түп құжаты беріледі.

4.5. Колледждегі тәртіп студенттермен оқытушылар арасындағы адамгершілік мәртебесін сыйлау негізінде сақталады. Студентке қол салу және психикалық зорлық әдістерін пайдалануға жол берілмейді.

4.6. Студенттің әке-шешесіне (оның заңды өкілдеріне) – оқу процессінің мазмұны және барысымен, сондай-ақ студенттің үлгерімі жөнінде бағаларымен танысуға рұқсат беріледі.

4.7. Колледж келесі ақылы білім беру қызметтерін көрсетеді:

- қосымша білім алу бағдарламалар бойынша;
- арнайы курстар мен пәндер циклынан қосымша оқыту қызметтері;
- репетиторлық бойынша қызметтер.

4.7.1. Төлемді білім беру қызметтері, білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар негізінде дамыған, жұмыстық оқу жоспарлары (бағдарламалар) бойынша беріледі.

4.7.2. Колледж және әке-шешесінің немесе студенттің заңды өкілдері қаралған келісім-шарт негізінде төлемді білім беру қызметтері көрсетіледі.



Келісім-шарт Қазақстан Республикасының бекітілген талаптарына сай болу, сондай-ақ пәндер мен дисциплиналардың атаулары, олардың көлемдері, қызметтердің құны туралы деректері болу керек.

## **5. Колледжді басқару тәртібі.**

5.1. Колледжді басқару Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, осы Жарғымен жүзеге асырылады және дара басшылық пен алқалық қағидалары негізінде құрылады.

Колледждің негізгі құрылымдық бөлімшелері, осы Жарғы негізінде іс-қызметтер жасайтын болып есептеледі: дирекция, педагогикалық кеңес, пәндік циклдық комиссия, Колледж бөлімшелері.

5.2. Директор мен Колледж дирекциясы.

5.2.1 Келісім-шарт негізінде құрылған, еңбек-шартына сәйкес қабылданып, жалғыз құрылтайшымен тағайындалған, Колледждің тікелей іс-қызметтеріне басшылық ететін директор. Директор болмау кезінде міндеттерін жүктеу жалғыз құрылтайшымен келіседі.

5.2.2. Директор Колледж атынан сенімхатсыз іс-әрекеттерді жасайды, оны барлық ұйымдарда өкіл етеді, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес оның мүлігімен және құралдарымен билік етеді, келісім-шарттар құрайды, оның ішінде еңбек келісім-шарттары, сенімхаттар береді, қазнашылық органдары мен банктерде шоттарды ашады, өзінің құзыретінде бұйрықтар мен өкімдерді шығарады және барлық оқушылар мен оқытушыларға міндетті нұсқауларды береді.

5.2.3. Директор өзінің орынбасарларын, бас бухгалтерін, құрылымдық бөлімшелердің басшыларын және Колледждің басқа да жұмысшыларын жұмыстан босатады және тағайындайды, Колледждің барлық жұмысшыларының лауазымдық міндеттемелерін бекітеді.

5.2.4. Директор педагогикалық жұмысшылардың біліктілік деңгейін көтеруін, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қамтамасыз етуге тиіс.

5.2.5. Колледж дирекциясы келесілерден тұрады:

- оқу-өндірістік жұмыс бойынша директордың орынбасары;
- тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары;
- оқу-әдістемелік жұмысы бойынша директордың орынбасары;
- бөлімшелердің меңгерушілері;
- пәндік циклдық комиссиялардың төрағалары.

5.2.6. Колледжде оқытындардың оқу мен тәрбиесін, әдістемелік жұмыстың сапасын жетілдіру мақсатында, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін көтеру үшін, пәндер бойынша циклдық комиссиялар, педагогикалық кеңеспен Колледж бөлімшелері құрылады.

5.3. Оқытушылардың пәндік циклдық комиссиялары (бұдан әрі ПЦК).

5.3.1. ПЦК бір немесе бірнеше пәндер бойынша оқу және ғылыми-зерттеу жұмысын, студенттер арасында тәрбие жұмысын, сондай-ақ ғылыми-педагогика кадрларын дайындаумен олардың біліктілігін көтеруімен айналысатын, Колледждің оқу-әдістемелік және ғылыми құрылымдық бөлімшесі болып табылады.



5.3.2. ПЦК оқытудың барлық формалары бойынша барлық оқу сабақтарының түрлерін өткізеді, жалпы және арнайы курстарының оқу жоспары мен бағдарламаларын жасайды, оқытудың жаңа әдістері мен техникалық құралдарын енгізеді, оқу процессін тиісті оқу-әдістемелік деңгейінде өткізуді қамтамасыз етеді, кәсіптік бағыттау жұмысты жүргізеді.

5.4. Бөлімшелер бір немесе жақын бірнеше мамандар бойынша оқушыларды дайындайтын, Колледждің оқу-әдістемелік және әкімшілік құрылымы болып есептеледі.

5.4.1. Келісім-шарт бойынша қабылданған, бөлімшелерді меңгерушілер басқарады. Меңгеруші өкілеттігінің шеңберінде, бөлімшенің барлық жұмысшылары мен оқушыларына міндетті өкімдер мен нұсқауларды береді, ол бөлімшенің жұмысының нәтижелеріне жеке жауапты.

5.5. Колледжді басқару алқалы түрі педагогикалық кеңес болып есептеледі.

5.5.1. Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша, студенттердің дене тәрбиесінің мәселелерін шешуінде алқалылығын қамтамасыз ету үшін, тікелей оқушыларды оқыту және тәрбие жұмыстарына қатысатын, педагогикалық және басқа да жұмысшыларды қамтитын Кеңес құрылады.

5.5.2. Педагогика Кеңесінің төрағасы болып директор есептеледі:

5.5.3. Педагогика Кеңесінің құзыретінде оқу, тәрбие және әдістемелік жұмысын талдау, бағалаумен жоспарлау сұрақтары жатады; оқушылардың білім сапасы, шеберлігімен дағдысы; өндірістік оқытудың қалпы, білім беру процессін бақылау сұрақтары, қосымша білім беру қызметтердің, оның ішінде төлемді қызметтердің мазмұны мен сапасы жатады.

Жаңа педагогикалық пен тәрбиелік технологияларын дайындау, мақұлданым, сараптамалар және педагогикалық жұмысшылармен оларды пайдалану сұрақтары; кәсіптік таңдап алу мен бағдар әдістері және құралдары; әдістемелік материалдар, нұсқаулықтар, оқыту мен бақылау құралдары; өндірістік оқытудың және оқушылардың өндірістік тәжірбиесінің жаңа формалары мен әдістері.

5.6. Колледж жұмысшылары үшін жұмыс беруші болып есептеледі.

5.6.1. Колледж жұмысшыларына оқытушылар, әкімшілік-шаруашылықпен оқуға көмектесуші қызметкерлер жатады.

5.6.2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жасалған, еңбек келісім шарттары бойынша жұмысшылардың барлық лауазымдары ауыстырылады.

5.6.3. Директордың бұйрығымен оқытушыларға циклдық пәндік комиссиямен, бөлімшені меңгеру және топ жетекшілігі жүктелуге мүмкін.

5.6.4. Колледждің педагогикалық жұмысшылары (жетекшілер мен мамандар), Қазақстан Республикасының үкіметімен бекітілген мерзім аралығында жұмысшының лауазымы мен оның тарификациясына сәйкестігін анықтау үшін аттестациядан өтеді.

5.6.5. Колледж жұмысшыларының біліктілігін көтеру үшін барлық жағдайларды жасайды. Біліктілігін көтеру Колледж қаражаты арқылы жүзеге асырылады және 5 жылда бір реттен кем емес оқумен тәжірбиелену, диссертация дайындауы мен қорғау және басқа түрлерінде өтеді.



5.6.6. Колледж филиалдарымен өкілдіктерін Қазақстан аумақтарында Қазақстан Республикасының заңнамаларға сәйкес ашыла алады.

5.6.7. Филиалдармен өкілдіктер заңды тұлға деп есептелмейді. Олар құрылған Колледждің мүлігіне ие бола алады және онымен бекітілген ережеге сай әрекет етеді. Филиалдың әлде өкілдіктердің мүлігі жеке баланста әлде Колледждің балансында есепте тұрады.

## **6. Жалғыз құрылтайшының құзыреті.**

6.1. Ерекше құзыретіне қатысты:

- қабылдау, өзгерістермен қосымша Колледждің құрылтайлық құжаттарына еңгізу;
- өз еркімен Колледжді қайта құру және тартылуы;
- құзырет ұйғарымы, құрылым ұйымдастырушылығы, қалыптастыру тәртібі және Колледждің басқару органдары өкілеттілігінің тоқтатылуы;
- тәртіп ұйғарым және мерзімге сай атқарушы органдармен қаржылық есепті табыстау, және бақылау органдармен тексеріс тәртібін жасау және оның нәтижесін бекіту;
- Колледж қатысуымен басқа заңды тұлға қызметін және оның филиалдарымен өкілдіктерін заңнамалық келісімдерге сәйкес шешім қабылдау;
- Колледждің жалпы саясатының дамуын қалыптастырумен жүзеге асыру;
- Колледж директорын лауазымына тағайындау мен жұмысынан босату;
- Кәсіптік дайындау мен кәсіптік білім беруі жүргізілетін, кәсіптер мен мамандар тізімін бекіту;
- Колледжді басқару құрылымымен штаттық кестесін бекіту;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына қарсы келмейтін, Колледжге шетел азаматтарды қабылдау тәртібін орнатуға;
- Колледжде бақылау-тексеріс жұмыстарын, бухгалтерлік есептің қалпын, есептілікті тексеруді жүзеге асыру, оның ішінде құралдарды мақсатта пайдалануына қаржылық тексерістер өткізу;
- Колледж қызметіне жедел басқарумен бақылауды жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамалардың орындалуына бақылауды жүзеге асыруға;
- Колледжбен мемлекеттік жалпыміндетті стандарттардың компоненттерін жүзеге асыруға.

## **7. Колледж студенттері, оқытушылары мен басқа да жұмысшыларының құқықтары мен міндеттемелері.**

7.1. Колледжде оқитын студенттерінің (студенттері мен тыңдаушыларының) құқықтары мен міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Колледж Жарғысымен, білім беру қызметтерінің келісім шарттарымен, ішкі тәртіптің ережелерімен және Жарғымен көзделген жергілікті актілерімен анықталады.

7.2. Колледж директорының бұйрығымен жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің оқу бағдарламаларынан оқу үшін



қабылданған тұлға, студент болып есептеледі. Студентке қалыптасқан түрде сынақ кітапшасы беріледі.

7.3. Колледж директорының бұйрығымен дайындау курстарында оқуға немесе қосымша кәсіптік білім алудың білім бағдарламаларын оқу үшін, осы сәтте білім алу қызметтеріндегі тындаушының құқықтық қалпы оқу формасына сәйкес.

7.4. Колледж оқушылары Жарғы талаптарын, студенттердің құқықтары мен міндеттерін регламенттейтін білім беру қызметтерінің келісім шарттарымен жергілікті актілерінің талаптарын орындауға міндетті, ішкі тәртіптің ережелерінің талаптарын сақтауға міндетті, Колледж мүлігіне залал келтіргенімен рұқсат етілмеген жерде шылым шеккені үшін жауап тартады. Осы талаптарды бұзғаны үшін, студенттерге Колледждің педагогикалық кеңесімен анықталған тәртіптік және материалдық шаралары қолданылады.

7.5. Колледжде оқитындар міндетті:

- Оқу процессінің шегінде оқу жоспарын, сапалы және уақытында оқу тапсырмаларын орындауға, сынақтар, емтихандар мен бақылау шараларын тапсыруға;

- Оқу сабақтарының тәртібін сақтауға, дәлелді себептерсіз оқуға келмеуімен калып қоюларды жібермеуге;

- Оқу кестесіндегі сабақтарға қатысуға;

- Оқу тәртібінің талаптарын және жалпыға міндетті тәртіп нормаларын сақтауға, Колледж жұмысшыларына, басқа студенттерге сыпайлық пен құрмет білдіру, олардың арымен беделіне тимеуге;

- Колледж мүлігіне ұқыпты болу.

7.6. Колледжде оқитындар құқылы:

- Колледж қызметінің сұрақтарын шешуге және талқылауға қатысуға, оның ішінде өздері билік ету және қоғамдық ұйымдар арқылы қатысуға;

- Колледж әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасының заңнамалары мен қалыптастырылған тәртіпте шағымдануға;

- Колледждің кітапханаларымен, ақпарттық ресурстарымен, оқу және басқа бөлімшелердің қызметтерімен пайдалануға.

7.7. Студенттерді еріксіз қоғамдық, қоғамдық-саяси ұйымдарға (бірлестіктерге), қозғалыстар мен партияларға, сондай-ақ оларды осы ұйымдардың қызметтеріне мәжбүрлеп қатыстыру, үгіттеу компаниялар мен акцияларға қатысуға жіберілмейді.

7.8. Колледж жұмысшыларына жататын оқытушылар, оқу-көмекші қызметкерлері, әкімшілік-шаруашылық жұмысшылары мен еңбек ұжымының басқа да мүшелері, жұмыс беруші үшін жұмысшылары болып, дайындықты, мамандарды қайта дайындаудан өткізетін, тәрбиешілік функцияларымен оқу процесін ұйымдастырып өткізетін, әдістемелігін қамтитын мүшелері болып есептеледі.

7.9. Педагогикалық жұмысқа, таңдалған профильдің тиісті біліктілік талаптарына сәйкес білімімен, оны дәлелдейтін құжаттарымен тиісті кәсіптік-педагогикалық біліктілігі бар тұлғалар қабылданады.



7.10. Сот шешімімен немесе дәрігерлік көрсетулермен қарсы көрсетілген деректер бойынша, сондай-ақ сотталғаны үшін тұлғалар педагогикалық қызметке жіберілмейді.

7.11. Жұмысшы мен Колледж арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, жеке еңбек шартымен реттеледі және Колледж директорымен бекітіледі. Білім мекемесінің жұмысшылар штатын жинақтауы Колледж директорымен жүзеге асырылады. Колледж жұмысшыларының төлем ақы жүйесі білім мекемесінің штат кестесіне сәйкес анықталады. Педагогикалық жұмысшылардың нормативтік оқу жүгі, Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіпте анықталады.

7.12. Әр жұмысшының келесілерге құқы бар:

- еңбегінің материалдық және моральдық ынталандыруына;
- Колледж дамуының сұрақтарын шешу мен басқару, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың жұмыстарына қатысуға;
- Колледждің ақпараттық қорларымен, оқу, ғылыми-әдістемелік бөлімшелерімен пайдалануға;
- Колледж әкімшілігінің бұйрықтарымен өкімдерін шағымдану;
- Кәсіптік шебершілік сайыстарына қатысуға;
- Оқу-өндірістік, тәрбиелік пен әдістемелік жұмыстарын дамыту мен жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
- Қауіпсіздік және тазалық талаптарына жауап беретін, еңбек шарттарына.

7.13. Педагогикалық жұмысшылар келесілерге құқылы:

- Педагогикалық бастамашылыққа, оқу және тәрбие беру әдістерін, оқу әдістемеліктерімен материалдарын, студенттер білімін бағалау әдістерін таңдаумен пайдалану бостандығы;
- Дайындау, қайта дайындау және жұмысшылар мен мамандардың біліктілігін көтеру процессінде, өзінің әлеуетін жүзеге асыру үшін керекті жағдайлар;
- ҚР заңнамасымен бекітілген төлемді демалыс;
- Өзінің кәсіптік ары мен қасиетін қорғау.

7.14. Колледждің әр жұмысшысы міндетті:

- Колледж Жарғысын орындауға;
- Ішкі еңбектік тәртіптің ережелерін, жеке еңбек келісім-шарт пен локалдық актілерінің талаптарын орындауға;
- Колледж ұжымының моральдық-психологиялық күйін бұзатын, әрекеттермен пікірлерді айтудан сақтану;
- Оларға жүктелген міндеттерді сапалы орындауға;
- Колледж мүлігіне ұқыпты болу.

7.15. Педагогикалық жұмысшылар міндетті:

- Оқытушылар лауазымдық міндеттемелеріне сәйкес, бекітілген кәсіптік білім беру бағдарламаларын дайындауға және орындауға;
- Кәсіптік этика нормаларын сақтауға;
- Оқу және тәрбие барысында өзінің қызметін студентпен сапалы білім алуға бағыттау;
- Өзінің біліктілігін көтеруге;



- Студент-тұлғасына дене немесе психикалық мәжбүрлеумен байланысты, педагогикаға қарсы оқу және тәрбие әдістерін қолданбау.

7.16. Колледж жұмысшыларына оқу, әдістемелік, тәрбие жұмысында үлгерімі үшін және басқа да қызметтерде ынталандырудың моральдық пен материалдық әр түрлері бекітіледі. Колледж жұмысшыларын ынталандыруы материалдық және моральдық ынталандыру тәртібінің ережелерімен анықталады.

7.17. Директор бұйрығымен студенттерге пәндік циклдық комиссияны, бөлімшені, кабинетті немесе тиісті пәндер бойынша лабораторияны меңгеру, топ кураторы( класс жетекшілігі) жүктелуге мүмкін.

7.18. Әкімшілік бастамасымен штат санын қысқартуға байланысты, оқытушыларды жұмыстан босату оқу жылы аяқталғанда болады.

7.19. Колледж жұмысшылары Жарғының талаптарын орындамағаны, жеке еңбек келісім-шартын, ішкі еңбек тәртібі мен лауазымдық талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік жазаға тартылады.

7.20. Колледж әкімшілігі мен жұмысшылары арасындағы туған келіспеушіліктер сот тәртібінде шешіледі.

## **8. Колледждің қаржылық-шаруашылық қызметінің құрылымы.**

8.1. Колледж Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңына», басқа заңдар мен нормативтік-құқықтық Заңдарына сәйкес дербес экономикалық пен қаржылық-шаруашылық қызметтерін жүзеге асырады.

8.2. Жалғыз құрылтайшы Колледжге бекітілген меншік нысандарын пайдалану.

8.2.1. Колледжге оның Жарғысына сәйкес білім беру қызметтерін қамтамасыз ету мақсатында, құрылтайшымен енгізілген, немесе олармен жалға алынған ғимарат, құрылыс, құрал, көлік пен басқа да мүліктер жедел пайдалану құқығында тіркеледі.

8.2.2. Колледж Қазақстан Республикасының заңнамасына, қызметінің жарғылық мақсаттарына, мүлікті пайдалану мақсатына сәйкес жедел пайдалану құқығында оған тіркелген мүлікпен иелік етеді, пайдаланады.

8.2.3. Колледж мүлікпен жедел басқарғанда міндетті:

- мүлікті тиімді пайдалануға;

- оған тіркелген мүліктің сақтығы пен пайдалануын қамтамасыз етуге;

- тіркелген мүліктің техникалық қалпының төмендеуін жібермеуге. Бұл талап пайдалану процессіндегі мүліктің нормативтік тозуымен байланысты төмендеулерге таратылмайды;

- Колледжге тіркелген мүліктің іргелі және ағымды жөндеуін жасауға.

8.2.4. Колледж жалға алушы және мүлікті жалға беруші ретінде болуға құқылы. Колледжге тіркелген меншік нысандарын, сондай-ақ жер учаскелерін жалға беруі жалғыз құрылтайшының келісімімен сатып алу құқықсыз, аумақта қалыптасқан бағалардан төмен болмай жалға беріледі. Жалға беру арқылы алынған қаражат Колледждің оқу процессін қамтамасыз және дамуына пайдаланады.



8.2.5. Колледжге жай және заңды тұлғалар сыйлық ретінде берген қаржы құралдары, мүлік пен басқа меншік нысандары, өсиет бойынша түскен заттар немесе қайырымдылық қызметінің нәтижесі ретінде интеллектуалдық және шығармашылық еңбегінің өнімдері, сондай-ақ өз қызметінен түскен кірістермен соған алынған нысандарына меншіктік құқығы тиесілі.

8.2.6. Колледж оның өкіміне жататын қаржы құралдары және меншік міндеттемелері бойынша жауап тартады.

8.2.7. Колледж Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қауымдастық, одақтарды құрумен қызметтеріне қатысады, оның ішінде мекеме, кәсіпорын, қоғамдық ұйымдармен бірге білімді дамыту және жетілдіру мақсаттарында қатысады.

8.2.8. Колледж өзінде бар қаражатқа құрал, жылжымайтын мүлік, автокөлік және басқа да негізгі құралдарды сатып алуға құқылы.

8.2.9. Колледж жалғыз құрылтайшымен оған берілген өкілеттілік шегінде бекітілген мүлікті дербес пайдалануға.

8.3. Колледждің қызметтерін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету.

8.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы Жарғымен көзделген деректер арқылы Колледж қызметтерін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз етуі жүзеге асырылады.

8.3.2. Колледж банк несиелерімен пайдалануға құқылы және несиелі келісім-шарттарын орындаумен есептілік тәртіпті сақтауға жауапты.

8.3.3. Колледж банктік және басқа да несиелік мекемелерде (оның ішінде валюттық) қаржы құралдарын сақтау және есептілік, несиелік, кассалық операцияларды жүзеге асыру үшін шоттары бар.

8.3.4. Колледжді ұстауға түсетін барлық түсімдер түрінің мөлшері тиісті кәсіптің қызметтерін көрсету үшін шыққан шығындарына сәйкес материалдық пен оларға теңестірілген шығындарды, еңбек ақыларды төлеуге қалыптастыратын шығындарды, керекті материалдық-техникалық базаны құруға, еңбек ұжымын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ынталандыру мен әлеуметтік дамуына шыққан шығындарды қамтамасыз етуге тиісті.

8.4. Колледждің мүлігін қалыптастыру және оның қызметтерін қаржыландыру көздері болып есептеледі:

- төлемді білім беру, төлемді қосымша білім беру құралдары мен рұқсат етілген кәсіпкерлік қызметтен алынған құралдарды (шаруашылық және басқа да келісімдерді орындаған қызметтерден, әдістемелік, ақпараттық өнімдерден, оқу-өндірістік қызметтен алынған кірістер);

- жеке және заңды, оның ішінде шетелдік тұлғаларды еректі қайырымдылығы;

- білім беру қызметтеріне бөлінген бюджеттің әр-түрлі деңгейіндегі құралдар;

- жалғыз құрылтайшының материалдық және қаржылық жарнамалары;

- банктермен басқа несиешілердің несиелері;

- басқа деректемелер.



8.4.2. Колледж, заңнамаларға сәйкес жұмысшыларды ынталандырумен еңбек акыларын төлеуге бағытталған, олардың үлестерінің анықтауын қоса, оның бар құралдарын пайдалану тәртібін дербес анықтайды, сондай-ақ еңбек акыны төлеу жүйесін, қосуларды, сыйақыларымен басқа да ынталандыратын төлемдерді, сондай-ақ барлық деңгейдегі жұмысшылардың лауазымдық төлемақыларының көлемін Жарғыға сәйкес дербес анықтайды.

8.5. Колледж, Қазақстан Республикасының заңнамалары және осы Жарғымен көзделген, егер тиісті рұқсатнамасы болса, баспалық қызметпен айналысады.

8.6. Колледж, Қазақстан Республикасының заңнамалары мен осы Жарғыға қарсы келмейтін, келісім-шарттарды құру жөнінде сұрақтарды шешуге, міндеттемелермен басқа шарттарды анықтаумен дербес айналысады.

8.7. Колледж, Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген тәртіпте қайырымдылық шараларды, аукциондарды өткізеді.

## **9. Колледждің халықаралық қызметі.**

9.1. Колледж жалпы орта және кәсіптік білім саласында, оқытушылық қызметпен басқа да жұмыстарда халықаралық қызметтестікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүзеге асыруға құқылы.

9.2. Колледжде шет мемлекеттердің азаматтарын оқыту, дайындау, сондай-ақ шетелдерде Колледж жұмысшыларының шығармашылық, тәжірбиелікпен басқа жұмысы немесе жұмысшылардың оқуы (және онда оқитын тұлғалар), Колледж өзі шетелдік оқу орындарымен, ұйымдармен немесе жеке келісім-шарт (контракт) негізінде, сондай-ақ шетелдердің білім басқармасының тиісті органдарымен құрған келісуі (контракттар) негізінде жүзеге асырады.

9.3. Шетелдердің мамандарын дайындау, Қазақстан Республикасы азаматтарын дайындау сияқты, мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.

9.4. Шетелдердің азаматтарын қабылдау және оқыту шарттары, Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі ұсыныстарының негізінде (бағдарламалары) және жалғыз құрылтайшының шешімімен бекітілген Колледж директорының ұсынуы бойынша жүзеге асырылады.

## **10. Колледжді қайта құру және тарату тәртібі.**

10.1. Колледжді тарату жалғыз құрылтайшының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген сот шешімдері бойынша жүзеге асырылады.

10.2. Колледжді қайта құруы Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады.

10.3. Колледжді таратқан жағдайда, несиешілерді қанағаттандырылғаннан соң қалған мүлік жөнінде өкім, Қазақстан Республикасының заңдары және басқа нормативтік құқықтық актілермен басқасы көзделмесе, мүлік иесі өзі қалғанына билік етеді.

10.4. Колледжді қайта құрғанда және таратқанда, жеке құрам бойынша құжаттар, уақытымен қалыптасқан тәртіпте мемлекеттік сақтауға тапсырылады.



10.5. Колледжді рұқсатнамасынан айырған сәтте немесе оны таратса, Құрылтайшылары студенттерін басқа оқу орнына ауыстыру жөнінде шаралар қабылдайды.

## **11. Колледждің қызметін регламенттейтін жергілікті нормативтік актілерінің тізімі.**

11.1. Колледж, оның құрылымдық бөлімшелерінің және оқу процессіне қатысушыларының қызметі, осы Жарғымен реттелмеген бөлігінде, келесі жергілікті актілерімен регламенттелінеді:

- Колледждегі ішкі тәртіптің ережелерімен;
- Колледжге қабылдау ережелерімен;
- Еңбекті қорғау бойынша нұсқауы;
- Колледжде ішкі құжаттар айналымы туралы ережемен;
- Колледждің педагогикалық Кеңесі туралы ережемен;
- Пәндік циклдық комиссия туралы ережемен;
- Дайындық курстары туралы ережемен;
- Қабылдау комиссия туралы ережемен;
- Бөлімшелер туралы ережемен;
- Колледждің жұмысшыларын материалдық ынталандыру және көтермелеу туралы ережемен;
- Колледждің студенттерін мерзім аралық аттестациялау туралы ережемен;
- Колледждің түлектерін қорытынды мемлекеттік аттестациялау туралы ережемен;
- Өндірістік тәжірибе туралы ережемен;
- Әдістемелік кабинет туралы ережемен;
- Студенттерді оқудан шығару, қайта оқуға алу және ауыстыру тәртібі туралы ережемен.

11.2. Жергілікті актілер Қазақстан Республикасы заңдарына және осы Жарғыға қарсы келмеу керек.

11.3. Жергілікті актілер педагогикалық Кеңеспен қабылданады және құзыретіне сәйкес директормен бекітіледі.

11.4. Ұсыныс немесе әдістемелік сипатты жергілікті актілер білім беру басқармасы органының қолданысындағы нормативтік актілері негізінде дайындалады және педагогикалық Кеңеспен қабылданады.

## **12. Колледж Жарғысын бекіткеннен кейін, енгізілген қосымшалар мен өзгертулер.**

12.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының талаптарына сәйкес, Колледж жалғыз құрылтайшы осы Жарғыға өзгерістер және толықтырулар, қабылданады және бекітіледі.

## **13. Қорытынды ережелері.**

13.1. Осы Жарғы, оны мемлекеттік тіркеу кезінен күшіне енеді.



**Колледждің заңды мекен-жайы:**

«Бурабай» колледж мекемесі, 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шалқар көшесі, 9Б үй.

**Колледждің жалғыз құрылтайшысы:**

 Ахметжанов Бақыржан Қадіржанұлы